ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 26 қаңтар Іс №7119-23-00-2/15840 Астана қ.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.Б. Есибаев оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Жұмабек» жеке кәсіпкер
«Накыпбек» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Жұмабек» жеке кәсіпкеріне, «Накыпбек» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«Жұмабек» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Жұмабек» жеке кәсіпкерінен «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы»

шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 1 975 теңге тұрақсыздық айыбы, 59 теңге мемлекеттік баж, барлығы 2 034 (екі мың отыз төрт) өндірілсін.

«Жұмабек» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) мемлекеттік баж өндірілсін.

«Накыпбек» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Накыпбек» жеке кәсіпкерінен «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 407 теңге тұрақсыздық айыбы, 12 теңге мемлекеттік баж, барлығы 419 (төрт жүз он тоғыз) өндірілсін.

«Накыпбек» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім шығарған сотқа осы шешімнің күшін жою туралы шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде арыз беруге құқылы. Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарған күннен бастап бір ай ішінде іске қатысатын адамдар апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Есибаев К.Б.**

Құжатқа қол қойылған: Есибаев К. Б., 26.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 04.03.2024, судья Есибаев К. Б., 05.03.2024